

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Қорыта келе, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу – оларды жоғарыда айтылған мінез – құлық мәдениетін, тәртібін, адамгершілік сезімі мен санасын белгілі бір нысанаға бағыттап жетілдіру. Адамгершілік тәрбиесі адамның барлық іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына және мінез – құлқына дұрыс бағыт береді және жол сілтейді. Адамгершілік мінез-құлқы дұрыс қалыптасқан тұлға өзгеге қамқорлық жасауға дайын тұрады. Шындығына келгенде, адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Себебі, қазіргі заманда қоғам мен мемлекет өзін таныған, түсінігі мол, ұлтын сүйетін, ұлтжанды, қоғамдық еңбегі мен кәсібі, дағдысы, іскерлік негіздері қалыптасқан, табиғи мықты, жалпыадамдық және ұлттық әдет – ғұрпын іске асыра білетін, рухани жағынан жетілген жан – жақты адамды тәрбиелеп, кәметке жеткізуге міндетті. Осы бағытта жүргізілген әр жұмысымызды ұлттық құндылықтар негізінде өткізудің нәтижесінде келешекте қазіргі заманға сай «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерлі, өнегелі, сұлу да батыр, мәдениетті, адамгершілік қасиеті жоғары, ұлтжанды намысқой азамат тәрбиелеп шығатынымызға сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы
2. Дүкенбаева Г. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Алматы, 1992.
3. Нысанбаева Ә. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы, 1994.
4. С.А. Козлова, Т.А. Куликова. Мектепке дейінгі педагогика: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы /— М. : «Академия» баспа орталығы, 2015.
5. Әрінова Б.А. Ұлы дала ойшылдары еңбектерінің студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны. // Әл-Фараби ҚазҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2019.

ОӘЖ178.11.51

ЖАСӨСПІРІМ КЕЗІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Жапекова М.Н.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ – студенті, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Ғылыми жетекші: К.Т Атемова

Педагогикалық тұрғыда мектеп оқушыларының тұлғалық дамуы және тәрбиесі үшін ең қиын кезең - жасөспірімдік шақ болып есептеледі. Жасөспірімдік шақ-бұл физикалық және эмоционалдық жағынан көптеген өзгерістердің уақыты. Жасөспірімдік шақта оқушылардың оқу үлгерімі төмендеуі, тәртіптің нашарлауы байқалады сонымен қатар жанындағы адамдармен қарым - қатынасының бұзылуы және эмоциялық тұрғыда көңіл-күйінің жиі құбылуы осы шақта көрініс табады. Жасөспірімдердің мінез- құлқындағы өзгерістер осы жастағы соматикалық және психикалық даму ерекшеліктеріне негізделген. Л.С.Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, И.С. Кон, А.В. Петров сияқты психологтардың зерттеулері жасөспірімнің психикасында болып жатқан өзгерістерге байланысты жасөспірімдік кезеңнің қиындығын растайды, сондықтан жасөспірім әрқашан ересектердің ықпалында бола бермейді. Бұл кезеңнің қиындықтары өтпелі, қиын, сыни кезең атауларынан көрінеді. Жасөспірімдік кезең – өтпелі кезең, ең алдымен биологиялық тұрғыдан алғанда мектеп оқушылары көптеген

өзгерістерге ұшырайды, денесіннің жетілуі, және оқушының әлеуметтік тұрғыда өзін әлеуметтік ортада ұстауы, әлеуметтенуі оқушының жасөспірім шағынан бастау алады. Жасөспірімдік шақтың өзіндік белгілері: тұйықтық, қыңырлық, наразылық, шешімсіздік, қорқыныш, өзімшілдік, ұялшақтық және т.б.

Осы тұрғыда жасөспірім оқушының тұлғалық дамуына айырықша кедергі келтіретіні - ұялшақтық. Ұялшақтық - бұл тұлғалық қасиет, оқушының әлеуметтік ортадағы өзін-өзін ұстауын көрсетеді. Бұл қасиеттің жақсы тұсы да бар, бірақ оқушылар ұялу арқылы өзінің тұлғалық дамуын тежейді және осы қасиет оқушының ішкі жан дүниесіне зиян келтіреді. Жасөспірім шақтағы оқушылар қоғамдық ортада өзін жайсыз сезінеді, стресстік күйде жүреді, өз ойын еркін жеткізе алмайды, үнемі тітіркеніп жүреді, міне мұның бәрі баланың психикасына үлкен әсерін тигізеді. Бірақ бұл қасиеттер оқушылардың бәрінде бірдей байқала бермейді. Қайсыбір оқушылар жасөспірімдік шаққа дейін тұйықталып жүреді кейін жасөспірім кезеңде мінезі ашылып, қоғамда өзін еркін ұстап, өзін көрсете алады.

Осы тұста жасөспірім оқушыларға психологиялық тұрғыда қолдау көрсету керек. Жасөспірім кезіндегі оқушылардың жеке дамуына психологиялық қолдау көрсету олардың жалпы өсуі мен дамуының маңызды аспектісі. Сондықтан жасөспірім шақтағы оқушыларға бұл өзгерістермен күресу және сәйкестік пен өзін-өзі бағалау сезімін дамыту үшін қолдау қажет болуы мүмкін.

Көбінесе жасөспірім балалар қолдауды ата-анасынан және педагогикалық іс әрекет барысында ұстазынан күтеді. Осы тұрғыда педагогтың қолдауы жасөспірім баланың жеке қызушылығын, мақсаты мен мүмкіндігін, қабілетін анықтауына үлкен үлес қосары сөзсіз. Бұл тұрғыда педагогтың білікті болғаны өте маңызды. Педагогикалық тәрбиенің мәні де осында жатыр. Осы тұрғыда кеңес педагоггі В.А. Сухомлинский «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отыра педагогтың тәрбиесі адам бойындағы жақсы қасиеттерді жетілдіруге деген ықпалы зор екенін түсіндіреді.

Психологиялық қолдауды зерттеу тәсілдерін салыстыру оның шетелдік психологиядағы үлгілері симпатияға, эмпатияға, түсінуге негізделгенін және шындыққа бейімделе алатын, әртүрлі жағдайларда өз өмірін басқара алатын тұлғаны дамытуға бағытталғанын көрсетеді. Шетелдік психологиялық (М.Вейел, У.Бауман т.б.) зерттеулердің теориялық талдауы психологиялық қолдаудың құрылымын сипаттауға, оның мазмұнын, мақсатын, түрлерін, көрсету әдістерін, күтілетін нәтижені бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Осы ретте жасөспірім шақтағы оқушылардың тұлғалық дамуына жүйелі түрде назар аударған жөн екендігін сарапшылар ұсынады.

Сурет 1. Психологиялық қолдау құрылымы

Психологиялық қолдау	- Тұлға аралық өзара әрекеттесу - Ерекше бағытталған іс шаралар
Психологиялық мақсат	Жағымды «Мен концепциясын» арттыру, дамыту, өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігі
Психологиялық қолдау түрлері	- Ақпараттық - Эмоциялық

Психологиялық қолдау жолдары	<ul style="list-style-type: none"> - Вербалды - Вербалды емес
Психологиялық қолдаудың нәтижесі	<ul style="list-style-type: none"> - Фрустрацияға төзімділік - Жеке тұлғаның әлеуметтенуі - Жауапкершілік

Осы кестеде көрсетілгендей жүйелі бағыт қана өз нәтижесін бермек. Ал біз қазіргі таңдағы жасөспірімдердің дүниетанымы мен болмысына, коммуникациялық қабілеттерін ескере отырып оларға психологиялық қолдау көрсетудің бірнеше әдісін ұсынып көрмекшіміз:

1. Жеке кеңес беру: оқушылар мазасыздықпен, депрессиямен немесе басқа эмоционалдық мәселелермен күресуі мүмкін, оларға білікті психиатр маманының жеке кеңесі керек.

2. Топтық кеңес беру: оқушыларға әлеуметтік дағдыларды дамытуға және құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға көмектесу үшін топтық кеңес керек.

3. Психолог білім беру: стрессті басқару, күресу дағдылары және өзіне-өзі қызмет көрсету сияқты тақырыптар бойынша семинарлар мен білім беру ресурстарын өткізу керек.

4. Тәлімгерлік: жасөспірімдерге жағымды үлгі мен қолдау жүйесін ұсынатын тәлімгерлік бағдарламаларын ұсынып көру керек.

5. Ата-аналарды тарту: ата-аналарды баласының біліміне қатысуға шақыру қажет және отбасыларға қолдау ресурстарын ұсыну керек.

6. Мектеп бастамалары: зейін жаттығулары, сыныптастарды қолдау топтары немесе оқушылардың жетекшілігімен психикалық денсаулық клубтары сияқты психикалық денсаулық пен әл-ауқатқа ықпал ететін жалпы мектеп бастамаларын іске асыру қажет.

Осы іс-шараларды жүргізгеннен кейінгі күтілетін нәтижелер баланың бойындағы сенімділігінің артуы, өзін-өзі бағалауы, жауапкершілік, көзқарасының қалыптасуы, өзін-өзі бағдарлауы, ойын еркін жеткізе алуы, бәсекеге қабілеттілігі т.б.

Қорытындылай келе, «Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім, қайраттың арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгелерден үстем, дүниежүзінің қожасы болып отыр», - деп қазақ зиялысы Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, қазіргі жаңа заманғы жастардың бойында жауапкершілігі мол, қоғамда ойын еркін жеткізетін, бәсекеге қабілетті, үнемі ізденісте жүретін тұлғаның дамуына жасөспірім кезеңдегі қолдаудың маңыздылығы айырықша. Жасөспірім шақтағы оқушыға психологиялық қолдау білдіру оқушының болашағына нық қадам басуына, ұтымды шешім жасай алуына, өзін тануына, қабілеттерін тиімді пайдалана алуына, өзіне сенімді болуына үлкен әсерін тигізеді. Жалпы алғанда, жасөспірім кезіндегі оқушылардың жеке дамуына психологиялық қолдау көрсету оларға тұрақтылыққа қол жеткізуге және өмірдің маңызды кезінде табысқа жетуге көмектесу үшін өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асмолов А.Г. Психология личности. - Москва 1990; [Текст] 207-226 с ;372-375 с
2. Кон С.И. Психология старшеклассников. - Москва 1982, [Текст] Пбөлім Натуральный ряд развития
3. Педагогика. Курс лекций. - Алматы 2003. [Текст] – 41-72 с
4. Харламов И. ФПедагогика [Текст]- 118- 122с